- аудиторияны және бекітілген аумақты жинау - айына 1 рет, айдың соңғы жұмасында;
  - старостат айына екі рет;
  - ҚБК отырысы (құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі) айына бір рет;
  - ЖЖК (жастармен жұмыс істей комитеті) қажетіне қарай;
  - ҚБМ (құқықтық білімберу мектебі);
  - ОТМ (озық тәжірибе мектебі)) әр айдың үшінші сәрсенбісі;
  - БОМ (бастаушы оқыту мектебі) әр айдың бірінші бейсенбісі;

## 14 Оқу уақыты және оны пайдалану

14.1. Колледже оқу сабактары кесте бойынша, қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

14.2. Оқу кестесі оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес, әдетте, семестрге құрастырылады және семестр басталғанға дейін 5 күннен кешіктірілмей ілінеді.

14.3. Академиялық сағат ұзактығы 2016 жылғы МЖМБС бойынша білім алушылар үшін - 90 минут, 2019 жылғы МЖМБС бойынша білім алушылар үшін - 100 минут. Оқу сабағының басталуы және аяқталуы туралы оқытушылар қонырау шалумен хабарланады.

## 15 Көтермелеу

15.1. Өзінің лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, еңбектегі жаңашылдығы және басқа да жетістіктері үшін қызметкерге мынадай көтермелеу қолданылады:

- алғыс жариялау;
- сыйлықақы беру;
- бағалы сыйлықпен марапаттау;

15.2 Көтермелеу колледж директорының бүйрығымен жарияланады, барлық ұжымның назарына жеткізіледі және қызметкердің жеке іс қағазына енгізіледі.

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<i>Сана менеджмент жүйесі</i> <i>Система менеджмента качества</i>  «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган»  Ішкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 14 из 54
-----------------------	---	--

## 16 Жазалау

16.1. Еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін және еңбек шартының талаптарын бұзу қызметкерге келесі тәртіптік жазалардың бірі қолданылуы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексының бабына сәйкес - еңбек шартын бұзу;

16.2. Тәртіп бұзушы қызметкерден жаза қолданғанға дейін түсініктеме талап етілуі тиіс.

Тәртіптік жазаны әкімшілік теріс қылышқа анықталғаннан кейін тікелей, бірақ қызметкердің ауырған, оның демалыста болған уақытын есептемегенде, анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей қолданыладады.

Тәртіптік жазаны теріс қылышқа жасалған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Әрбір тәртіп бұзушылық үшін, әдетте, егер колледжге материалдық залал келтірілмесе, бір тәртіптік жаза қолданылады. Бұл кезде істелген теріс қылышқа ауырлығы, мән-жайлары ескеріледі.

16.3. Тәртіптік жазаны колледж директоры жариялайды және қызметкерге қол қойғызып 3 (үш) күндік мерзімде хабарланады, одан кейін бұйрықпен колледждің барлық ұжымының назарына жеткізіледі.

16.4. Егер тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап бір жыл ішінде қызметкер жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, онда ол тәртіптік жазаға тартылмаған болып есептеледі. Қызметкер тарарапынан жақсы және адал жұмыс істеген жағдайда әкімшілік қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алғып тастай алады.

## 17 Колледж ғимаратындағы тәртіп

17.1. Әкімшілік және вахтер колледж ғимаратын күзетумен қатар құралжабдықтардың, басқа да мүліктің сақталуын, сондай-ақ оқу аудиторияларында қажетті тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

Ғимаратты күзету, мүлік және олардың өртке қарсы және санитарлық жай-күйі үшін жауапкершілік директордың бұйрығымен әкімшілік-шаруашылық персоналдың белгілі бір адамдарына жүктеледі.

<b>СМЖ-Е-38</b> <b>СМК-ПО-38</b>	<i>Сапа менеджмент жүйесі</i> <i>Система менеджмента qualità</i>  «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган»  Ишкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	<b>Нұсқа/Версия 04</b>  <b>Бет/Страница 15 из 54</b>
-------------------------------------	---	--

17.2. Оқу үй-жайларындағы абаттандыру мен тәртіпке (жарамды жиһаздың, оқу жабдықтарының болуы, қалыпты температура мен жарықтандыру және т.б.) оқу корпустарының вахтерлері жауапты болады.

17.3. Аудиториялардағы оқу-ғылыми жабдықтардың дұрыс ұсталуына, оқу құралдарын сабактарға дайындауға зертханашылар мен кабинет менгерушілері жауап береді.

17.4. Колледж бөлмелерінде тыйым салынады:

- бас киімде жүру;
- сабак кезінде дауыстап сөйлесіп, шулап, дәлізде жүру;
- темекі шегу, спирттік ішімдіктерді ішу және есірткі заттарын пайдалану;

17.5. Оқу ғимараттарының, сондай-ақ аудиториялардың, зертханалардың, кабинеттердің кілттері колледж күзетшілері мен вахтерлерде болуы тиіс.

17.6. Колледждің барлық оқу, оқу-өндірістік ғимараттарында және холлдарда тиісті тазалық пен тәртіпті колледждің кіші қызмет көрсетуші персоналы қамтамасыз етеді.

17.7. Белгіленген тармақтарды бұзғаны үшін әрбір тәртіп бұзушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады, сондай-ақ осы Ереженің жекелеген тармақтарын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Ішкі тәртіп Ережелерімен, өзінің күнделікті жұмысында, окуда, белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті барлық қызметкерлер, білім алушылар таныстырылуы тиіс.

#### Сабактың барытуы - 69.00

- 1.7. Бір сабактың сағаты - 90 және 100 минут.
- 1.8. Студенттер сабакқа олар оқытуынан 15 минут заманда көзқарасынан жауап береді.
- 1.9. Оқу процесі оқу промесінде көзқарасынан олар оқытуынан 15 минут заманда көзқарасынан жауап береді.
- 1.10. Колледжде оқытушылардың көзқарасынан олар оқытуынан 15 минут заманда көзқарасынан жауап береді.
- 1.11. Студенттер тиісті олар оқытушылардың көзқарасынан олар оқытуынан 15 минут заманда көзқарасынан жауап береді.
- 1.12. Оқу сабактанның аяғында, мәдени мөрбөрдің тәсілі шаруас, жарықшылар, түкірүе, сөндімдік белгілі деңгешеміз ерекшелерінде китаптың тиімді салынады.

<p>СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38</p>	<p><i>Сана менеджмент жүйесі</i> <i>Система менеджмента качества</i></p> <p>«Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган»</p> <p>Ішкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка</p>	<p>Нұсқа/Версия 04</p> <p>Бет/Страница 16 из 54</p>
-------------------------------	--	---

## II. Бөлім білім алушылар үшін ИТЕ (ішкі тәртіп ережесі)

### 1 Жалпы ережелер

1.1 Осы ішкі тәртіп ережесі КР қолданыстағы заңнамасы мен колледж Жарғысының негізінде, өзгертулер мен толықтырулармен енгізілуіне 2019 жылдың 21 қазандығы №110к бүйрығына сәйкес, заңды тұлға атауының өзгеруі "Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, әрі қарай – Колледж.

1.2 Колледж ішіндегі құқық бұзушылықты реттеу, оку тәртібін белгілеу, оку тәртібін нығайту, оку удерісін ұйымдастыруды жақсарту және оку уақытын тиімді пайдалану үшін берілетін нормативті құжат болып табылады.

1.3 Колледждің оку тәртібі білім алушылардың өз оку міндеттерін саналы және адаптацияның негізделеді және оку сапасын арттырудың қажетті шарттары болып табылады.

1.4 Осы Ереже колледждің барлық білім алушыларының орындауы үшін міндетті болып табылады.

1.5 Колледж облыстың және жалпы облыстың медициналық мекемелері үшін жоғары білікті мамандарды КР ТжКМ МЖМБС белгіленген мерзімде мамандықтар бойынша дайындауды.

1.6 Оку жылы 1 қыркүйектен басталады. Сабактар 1 ауысымда өтеді. Сабактың басталуы - 09.00.

1.7 Бір сабактың ұзақтығы – 90 және 100 минут.

1.8 Студенттер сабакқа олар басталардан 15 минут қалғанда қатысады.

1.9 Оку процесі оку процесінің кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

1.10 Колледждегі жалпы тәртіпті кезекші куратор, шаруашылық қызметі қадағалайды. Колледжде болған кезде әр студент жеке заттарға жеке жауап береді.

1.11 Студенттік билеті мен сынақ кітапшасы жоғалған жағдайда, оку әдістемелік бөлімнің тапсырысы бойынша студент өз есебінен қалпына келтіріледі.

1.12 Оку ғимаратының аумағында, негізгі кіреберісіне темекі шегуге, қоқыс шығаруға, түкіруге, сондай-ақ басқа да заңсыз әрекеттерге қатаң тыйым салынады.

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<p><i>Сапа менеджмент жүйесі</i>  <i>Система менеджмента качества</i></p> <p>«Жезқазган қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК  КГП на ПХВ  «Высший медицинский колледж  города Жезказган»</p> <p>Ішкі тәртіп ережелері  Правила внутреннего распорядка</p>	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 17 из 54
-----------------------	---	--

Мұндай фактілер анықталған жағдайда құқық бұзушыға тәртіптік жазалau шаралары қолданылады, тіпті колледж білім алушылары қатарынан шығарылады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін бұзуға бағытталған және колледжге зиян келтіретін бұзақылық әдейі ниетпен немесе қасақана істелген жағдайда білім алушылар қайта қабылдау құқығынсыз колледждің білім алушылары қатарынан шығарылады.

1.13 Колледж мүлкі бүлінген жағдайда кінәлі адам оны алғашқы түрдегі қалпына келтіреді.

1.14 Оқу корпусында және колледж аумағында қорқытып алушылық, құқық бұзушылық, төбелес фактілері үшін білім алушы окудан шығарылады.

1.15 Колледждің барлық білім алушылары кезекші оқытушының және колледж қызметкерлерінің талаптарын орындауға міндетті.

1.16 Колледждің білім алушыларына колледждің оқу корпусында және оның аумағында бағдарламалық, діни, жарғылық талаптарды және саяси партиялардың, өзге де қоғамдық - саяси ұйымдардың орнатылуын насихаттауға тыйым салынады. Колледже діни киім киуге, намаз бөлмелерін ашуға және діни атрибуттарды пайдалануға тыйым салынады. Білім алушыларға арналған бірынғай форма - ақ медициналық халат, қалпақ және ауыспалы аяқ киім болуы тиіс.

1.17 Колледждің студенттері осы Ережелермен танысуға міндетті.

## 2. Студенттерді қабылдау және шығару тәртібі

2.1 Негізгі орта, толық немесе толық емес жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта және жоғары білімі бар азаматтар колледжге түсү құқығына ие.

2.2 Оқуға түсү үшін колледждің қабылдау комиссиясының мүшелері:

- жеке куәлік (паспорт);
- білімі туралы анықтама (түпнұсқа);
- № 086-У нысандағы медициналық анықтама;
- 3x4 көлеміндегі фотокарта - 4 дана;
- жетім балалар (растайтын құжаттар), сондай-ақ ағымдағы жылға қабылдау ережелерімен белгіленген басқа құжаттар талап етіледі;

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Система менеджмента качества</b> «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган» Ішкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 18 из 54
-----------------------	---	--

2.3. Қабылдау емтихандарын тапсырған немесе ҰБТ тапсырған азаматтар, оку келісім-шартын жасасқаннан кейін және келісім-шарттың талаптарына сәйкес оку ақысын төлеген күндізгі курстарға жазылады.

2.4 Колледжге қабылдауды колледж директоры жүзеге асырады, төлем шартының талаптары орындалғаннан кейін студенттің жеке қуәлігі және стандартты сынақ кітабы ұсынылады.

2.5 Білім алушылар қатарынан оқудан шығару келесі негіздер бойынша жүргізіледі:

- бір семестрде оку сабактарын дәлелсіз себептермен 44 сағаттан артық босатқаны үшін;
- академиялық үлгермеушілігі үшін;
- оку ақысы туралы шарттың талаптарын орындағаны үшін;
- ішкі тәртіп ережелерін өрескел немесе бірнеше рет бұзғаны үшін;
- медициналық анықтама негізінде денсаулыққа байланысты;
- өз еркімен;
- оку ғимаратында қорқытып алушылық, құқық бұзушылық, төбелес фактілері орын алса;

### 3. Білім алушылардың негізгі міндеттері

#### 3.1 Колледж студенттерінің міндеттері:

- мамандық бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды терең игеру;
- оку жоспарлары мен бағдарламаларында қарастырылған барлық тапсырмаларды уақытында орындау;
- үнемі қатысып, сабакқа кешікпеу;
- колледже біркелкі формада келуге (ақ халат, қалпак, ауыстырылатын аяқ киім);
- колледж Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- кураторға, оқытушыларға, колледж әкімшілігінің бұйрықтарына, Үкіметтің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<i>Сапа менеджмент жүйесі</i> <i>Система менеджмента качества</i> «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган» <b>Ішкі тәртіп ережелері</b> <b>Правила внутреннего распорядка</b>	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 19 из 54
-----------------------	--	--

Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің, әкімдіктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің бұйрықтарына бағыну;

- маман даярлау туралы келісімшартқа сәйкес шығындарды толық өтеп, оқу ақысын уақтылы төлеу;
- колледж студенттері қосымша оқулықтар мен оқу құралдарын өз бетінше сатып алу;
- колледж Жарғысының талаптарын орындауға, колледждің ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- қоңырау соғылғаннан кейін тек оқытушының рұқсатымен ғана аудиторияға кіру және шығу;
- мұғалімдер, қызметкерлер және оқу орындарының басшылары оқу бөлмесіне кіргенде орнынан тұрып сәлем беру;
- мұғалімдердің оқу процесіне қатысты барлық талаптарын орындау;
- тәртіпті бұзбау, бөгде істерге араласпау;
- білім алушылардың оқытушыға немесе оқытушының білім алушыға жүгінген кезде орнынан тұру;
- зертханаларда, аудиторияларда, оқу практикасында тек тапсырылған жұмысты орындау және қажетті құралдарды, аспаптарды, құрылғыларды, механизмдерды қолдану. Қауіпсіздік ережелерін және белгіленген жұмыс режимін қатаң сақтау;

3.2 Босатқан сабактар, сабакқа шыққан күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде міндетті түрде қайта тапсыру жұмыстарын жүргізу. Сабакқа кешігу сабакты себепсіз босатумен теңестіріледі және міндетті түрде өтелуі тиіс. Жіберілген сабактарды дұрыс орындаған жағдайда білім алушыға қанағаттанарлықсыз баға қою.

3.3 Аттестаттаудан немесе емтихандардан үшеуден көп қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін білім алушылар колледжден шығарылады. Егер аттестация бойынша бір немесе екі қанағаттанарлықсыз баға болса, студент тақырыпты қайта тапсыруы керек (мерзімі мұғалімдер кеңесінің шешімімен белгіленеді), емтихан кезінде - сессиядан кейін белгіленген тәртіппен қайта тапсыруға міндетті. Бір ай

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Система менеджмента качества</b> «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган» Ишкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 20 из 54
-----------------------	--	--

ішінде қанағаттанарлықсыз бағаны себепсіз жоймаған жағдайда, себеппен студенттер колледжден шығарылады.

3.4 Ауырған жағдайда немесе басқа себептермен сабакқа келмеген жағдайда студент үш күн ішінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына, топ кураторына хабарлауы керек. Ауырған жағдайда студент белгіленген үлгідегі амбулаториялық дәрігердің немесе медициналық мекеменің анықтамасын әкелу керек.

3.5 Егер студенттер сабакты себепсіз босатса, төмендегідей шаралар қолданылады: 16 сағатқа толса - ескерту жасалады; 24 сағатқа толса - сөгіс жарияланады; 44 сағатқа толса - колледжден шығарылды.

3.6 Сабактарда тәртіп пен тазалықты сақтау үшін студенттер кезекшілік етеді, олар күнделікті тәртіпті бақылауға мәселен; ауысымды аяқ киім болуы керек; кезекші оқытушының талаптарын сақтауға міндетті (орындағаны үшін тәртіптік жаза қолданылады).

3.7 Мұғалімдерге, қызметкерлерге және басқа студенттерге құрметпен қарауға.

3.8 Колледже де, одан тыс жерлерде моральдық нормаларды сақтау.

3.9 Колледже өрт қауіпсіздігі ережелерін ұстану және өрт, табиғи немесе басқа да апаттар жағдайында эвакуациялаудың қажетті тәртібін білу.

3.10 Оқу орнының және өз ұжымының абырайын қорғауға.

3.11 Топ басшысына өз өкілеттіктері шегінде бағыну.

3.12 Әскери жасқа жеткеннен кейін әскери есепке тіркелу.

3.13 Колледж әкімшілігінің бүйірігімен кезекшілікте оқу орнында өткізілетін санитарлық сенбіліктерге қатысу.

#### **4. Білім алушылардың құқығына жатпайды**

##### **4.1 Студенттердің құқығына жатпайды:**

- мемлекеттік және әкімшілік ұйымдармен, колледж әкімшілігімен үйимдастырылған рұқсат етілмеген іс-шараларға қатысуға (митингілерге, шерулерге және т.б.);

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<i>Сапа менеджмент жүйесі</i> <i>Система менеджмента качества</i>  «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган»  Ішкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 21 из 54
-----------------------	--	---

- колледже спорт формасымен немесе басқа да ұқыпсыз киіммен келуге (джинсы және кроссовкалар), спорттық формалар дене шынықтыру сабактарында, спорттық іс-шараларда және жалпы қалалық жұмыс күндері киоғе рұқсат етіледі;
- мас күйінде колледже келу (колледжден шығарылады);
- сабакты себепсіз босату;
- діни киімдер мен атрибуттарды кио;

## 5 Білім алушылар құқылы

- мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес білім алуға, медицинаның, технологияның және мәдениеттің қазіргі даму деңгейіне сәйкес білім алуға;
- қосымша (соның ішінде ақылы) білім беру қызметтерін алуға;
- колледж қызметінің маңызды мәселелерін, оның ішінде қоғамдық ұйымдар мен колледжді басқару органдары арқылы талқылауға және шешуге қатысуға;
- ар-оқдан, ақпарат бостандығы, өз көзқарастары мен сенімдерін еркін білдіруге;
- кітапхананы (кітапхананы пайдалану ережелеріне сәйкес), ақпараттық қорларды, оқу, ғылыми, емдеу және оку орнының басқа бөлімшелерінің қызметтерін тегін пайдалануға;
- колледж Жарғысында қарастырылған тәртіpte ақылы окудан тегін оқуға өтуге;
- белгіленген тәртіpte оқу орнын қайта келуге;
- белгіленген тәртіpte басқа оқу орнына өтуге;
- директор бекіткен стипендиямен қамтамасыз ету туралы Ережеге сәйкес стипендия, басқа да материалдық қолдау түрлерін алуға;
- оқытушылардан оқу бағдарламасы шегінде қажетті кеңестер мен қосымша түсініктемелер алуға;
- белгіленген үлгідегі анықтамалар алуға;
- оқу бағдарламасын орындау кезінде және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының рұқсатымен емтиханды мерзімінен бұрын тапсыруға;
- оқытушыдан өз білімін бағалауды негіздеуді талап етуге;

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<i>Сапа менеджмент жүйесі</i> <i>Система менеджмента качества</i>  «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган»  Ішкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 22 из 54
-----------------------	--	---

- оқытушымен қақтығыс болған жағдайда комиссия құрамы арқылы пәнді қайта тапсыруды талап етуге;
- дәлелді себептер болған жағдайда сессияны ұзарту (ауырғанда және т.б.)
- белгіленген тәртіппен академиялық демалыс алуға;
- белгіленген тәртіппен тапсырылмаған сабактарды қайта тапсыру;
- белгіленген тәртіппен оқу бөлімінің рұқсатымен тапсырылған сабактарды неғұрлым жоғары бағага тапсыру;
- әкімшіліктен колledge оның денсаулығын сактауға кепілдік беретін жағдай жасауды талап етуге;
- оқу жоспарында көзделмеген іс-шараларға қатысуға;
- белгіленген тәртіппен коллежден өз қалауы бойынша шығарылуға құқылы;

## 6. Оқу уақыты және оны пайдалану

6.1 Колледже оқу сабактары кесте бойынша қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

6.2 Оқу кестесі оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес, әдетте, семестрге құрастырылады және семестр басталғанға дейін 5 күннен кешіктірілмей ілінеді.

6.3 Академиялық сағат ұзақтығы 2016 жылғы МЖМБС бойынша білім алушылар үшін - 90 минут, 2019 жылғы МЖМБС бойынша білім алушылар үшін - 100 минут. Оқу сабактарының басталуы мен аяқталуы туралы білім алушыларға қонырау шалу арқылы хабарланады.

6.4 Семестр аяқталғанда білім алушылар емтихандар мен сынақтарды оқу жоспарлары мен бағдарламаларына қатаң сәйкестікте тапсырады. Семестр арасында білім алушыларға демалыс беріледі.

6.5 Әр оқу тобында үлгерімі жоғары және тәртіпті білім алушылар қатарынан старостасы тағайындалады.

6.6 Топ старостасы тікелей кураторға бағынады және топта олардың барлық өкімдері мен нұсқауларын жүргізеді.

Топ старостасының функциясына кіреді:

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<i>Сана менеджмент жүйесі</i> <i>Система менеджмента качества</i>  «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган»  Ішкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 23 из 54
-----------------------	--	---

- білім алушылардың оқу сабактарының барлық түрлеріне қатысу журналы бойынша дербес есеп беру;
- кураторға білім алушының сабакқа келмей қалуы немесе кешігуі туралы себебін баяндау;
- сабактардағы және басқа сабактардағы топтағы оқу тәртібінің жай-күйін, сондай-ақ оқу жабдықтарының сақталуын бақылау;
- білім алушылар арасында оқулықтар мен оқу құралдарын алуды және бөлуді уақытында ұйымдастыру;
- сабак кестесіне енгізілген өзгерістер туралы білім алушыларға хабарлау;
- топ кезекшісі кезек тәртібімен әр күні білім алушыларды тағайындау;
- старостаның үкімдерін топтың барлық білім алушылары орындауға және келісуге міндettі;

## 7. Көтермелеге

Жақсы үлгерімі, өте жақсы мінез-құлышы және колледж өміріне белсенді қатысқаны үшін білім алушыларға келесі көтермелеге белгіленеді:

- алғыс жариялау;
- сыйлықақы (атаулы);

Көтермелеге колледж директорының бұйрығымен жарияланады, барлық ұжымның назарына жеткізіледі және білім алушының жеке ісіне енгізіледі.

## 8. Жаза қолдану

8.1 Оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін білім алушыға келесі тәртіптік жазалардың бірі болуы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- оқу орнынан шығару;

8.2 Тәртіп бұзушыдан жаза қолданғанға дейін білім алушының түсініктемесі талап етілуі тиіс.

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Система менеджмента качества</b>  «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган»  Ишкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 24 из 54
-----------------------	--	--

8.3 Тәртіптік жазаны әкімшілік теріс қылышқы анықталғаннан кейін, бірақ білім алушының ауырған уақытын есептемегенде, анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей қабылдайды. Эрбір тәртіп бұзушылық үшін, әдетте, егер колледжге материалдық залал келтірілмесе, бір тәртіптік жаза қолданылады. Бұл ретте жасалған теріс қылышқы ауырлығы, ол жасалған мән-жайлар ( білім алушының окуы мен мінез-құлқы) ескеріледі.

8.4 Тәртіптік жазаны колледж директоры жариялайды және 3 күндік мерзімде қол қойғызып білім алушыға хабарланады, одан кейін бұйрықпен колледждің барлық ұжымының назарына жеткізіледі.

8.5 Егер тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап бір жыл ішінде білім алушы жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, онда ол тәртіптік жазаға тартылмаған болып есептеледі. Білім алушы тараپынан жақсы және адаптивті оқыған жағдайда әкімшілік қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алып тастай алады.

## 9 . Колледж ғимаратының тәртібі

9.1 Әкімшілік және вахтер колледж үй-жайларын күзетуді және жабдықтардың, инвентарлардың және басқа да мүліктердің сақталуын, сондай-ақ оку аудиторияларында, тұрмыстық үй-жайларда қажетті тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді.

Ғимаратты күзету, мүлік және олардың өртке қарсы және санитарлық жай-күйі үшін жауапкершілік директордың бұйрығымен әкімшілік-шаруашылық персоналдың белгілі бір адамдарына жүктеледі.

9.2 Оқу үй-жайларында (жиһаздың жарамды күйі, оқу жабдықтарының болуы, қалыпты температура мен жарықтандыруды ұстая және т.б.) абаттандыру мен тәртіпке колледждің шаруашылық бөлімінің менгерушісі жауапты болады.

9.3 Оқу-ғылыми жабдықтарды аудиторияларда дұрыс ұстаяға, оқу құралдарын сабактарға дайындауға зертханашылар мен кабинет менгерушілері жауап береді.

### 9.4 Колледж бөлмелерінде:

- бас киімде жүргуге;

СМЖ-Е-38 СМК-ПО-38	<i>Сапа менеджмент жүйесі</i> <i>Система менеджмента качества</i> «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Жезказган» Ишкі тәртіп ережелері Правила внутреннего распорядка	Нұсқа/Версия 04  Бет/Страница 25 из 54
-----------------------	---	--

- дауыстап сөйлесіп, шулауга, сабак кезінде дәлізде жүргуге;
- темекі шегуге, спирттік ішімдіктерді ішуге және есірткі заттарын пайдалануға тыйым салынады;

9.5 Оқу ғимараты бөлмелерінің, сондай-ақ аудиториялардың, зертханалардың, кабинеттердің кілттері колледж күзетшілері мен вахтерлердің жанында болуы тиіс.

9.6. Колледждің барлық оқу, оқу-өндірістік үй-жайларында және холлдарда тиісті тазалық пен тәртіпті колледждің кіші қызмет көрсетуші персоналы қамтамасыз етеді.

9.7. Белгіленген тармақтарды бұзғаны үшін әрбір тәртіп бұзушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес жауапты, сондай-ақ осы Ереженің жеке тармақтарын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Ішкі тәртіп Ережелерімен өзінің күнделікті жұмысында, оқуда белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті Қағидалармен барлық білім алушылар таныстырылуы тиіс.